

Садовый ауылдық округіндегі көшені қайта атау туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданы Садовый ауылдық округінің әкімінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 3 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 3 қаңтарда № 5121 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып және облыстық ономастика комиссиясының қортындысы негізінде, Садовый ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Осакаров ауданы Садовый ауылдық округіндегі Садовое ауылының Ленин көшесі Болашақ көшесі болып қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

А. Жетпісбаева